1) статистикалық деректерді түзу және арнайы есепке алуды жүргізу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері мен басқа мемлекеттік органдардан құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері жөнінде статистикалық және талдау ақпаратын, құқықтық мемлекеттік статистикалық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын өтеусіз алу;

2) құқықтық статистика субъектілерінен бастапқы есепке алу және есептілік актілерінің толықтығы мен сенімділігін, олардың Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынылуын талап ету;

3) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ұсынатын құқықтық статистикалық ақпараттың толықтығына, объективтілігіне, дұрыстығына және жеткіліктігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ есепке алу-тіркеу және есеп тәртіптерінің соның ішінде прокурорлық ден қою актілерін енгізе отырып бұзушылықтарды жою шараларын қабылдау;

4) тағайындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын анықтаған жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізген тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту;

5) мемлекеттік орган жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеген кезде заңдылықты қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде берілген мүлікті басқару және оған иелік ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және басқа нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де құқықтарды іске асыру.

16. Міндеттері:

1) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігін, толықтығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу туралы заңнамасының қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте, көлемде және мерзімде құқықтық статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде, көлемде және мерзімдерде жеке және заңды тұлғаларға, мемлекеттік органдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

6) Комитетке қала бойынша жиынтық мәліметтерді және орталықтандырылған есепті қалыптастыру үшін қылмыстылық, онымен күрес жағдайы, қадағалауды жүзеге асыру, прокурорлардың, сот төрелігін жүргізу жөніндегі соттардың қызметі, сот актілері мен басқа да ақпараттың орындалуы туралы дұрыс және жеткілікті деректерді уақтылы ұсыну;

7) мемлекеттік құпиялары мен заңмен қорғалатын құпиялары бар алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

8) ақпараттық жүйелерді рұқсат етілмеген қол жетімділіктен, бұзудан немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы деректерді жоюдан қорғауды қамтамасыз ету, компьютерлік және басқа техниканың ұтымды қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету;

9) өз қызметін ағымдағы және болашаққа арналған міндеттерді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қызметіндегі заңдылық жағдайына, аймақтағы қылмыстылық жағдайына басшылыққа ала отырып жоспарлауды, Комитет жұмысының жоспарына ұсыныстар енгізу;

10) Басқарманың жедел мәжілістерінде туындаған мәселелерді және оның шешу жолдарын белгілей отырып, бөлімдердің және оның аудан (қала) өкілдерінің қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің өкілдерін шақыра отырып қарау;

11) талдау және зерттеу жұмысын жүргізуді, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

**3-тарау. Басқарма қызметін ұйымдастыру**

17. Басқармаға басшылықты бастық жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

18. Басқарма бастығы лауазымына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен Комитет Төрағасы тағайындайды және босатады.

19. Басқарма бастығының орынбасарлары (орынбасары) бар, оларды Басқарма бастығының ұсынысы бойынша Комитет Төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

20. Басқарма бастығы белгіленген тәртіпте:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, жоспарлы іс-шаралардың, алқа шешімдерінің, жедел, аппараттық мәжілістердің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Комитет басшылығы тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүргізеді;

2) Комитетке статистикалық есептерді, есепке алу актілерін және орталықтандырылған арнайы есепке алуды қалыптастыру үшін материалдарды, Басқарма қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді;

3) жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша Алматы қаласы прокурорына есептік және есепке алу тәртібінің жағдайы туралы ақпаратты жібереді;

4) Басқарма орынбасарларының (орынбасарының), бөлім бастықтары мен қызметкерлерінің және аудан өкілдерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді, олардың жұмысын бақылайды;

5) Комитетке Басқарма қызметкерлеріне сыныптық шен беру, тағайындау, орнын алмастыру, сеніп тапсырылған Басқарманың орынбасарларын ( орынбасарын), бөлім бастықтарын лауазымдарынан босату, оларға ынталандыру шараларын қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

6) орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, сеніп тапсырылған Басқарма қызметкерлерін, оның ішінде бөлім бастықтарын, "қызметке толық сәйкес келмеу" түріндегі тәртіптік жазаға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы;

7) Басқарманың аға прокурорларын, прокурорларын, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін, еңбек шарты бойынша жұмыскерлерін, оларға ынталандыру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану және алу шараларын қолдана отырып, тағайындауды, орындарын алмастыруды және босатуды іске асырады;

8) өз орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, Басқарманың барлық қызметкерлеріне және жұмысшыларына демалыстың барлық түрін береді;

9) Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес белгілі бір жұмыс және қызмет бойынша шарт жасауға құқылы;

10) Комитетке құрылымды жетілдіру, Басқарманың штаттық кестесін өзгерту жөнінде, сондай-ақ Басқарма қызметіне байланысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;

11) Алматы қаласы прокуратурасының, Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің, Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің алқа отырыстарына, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алуға және есептілікке қатысы бар мәселелерді қараған кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мәжілістеріне қатысады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің әдеп жөніндегі кеңесінің мүшесі құрамына енгізілген болса, онда әдеп жөніндегі кеңесінің отырыстарына қатысады;

12) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды іске асырады;

14) Басқарма қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтарды, өкімдерді, нұсқаулар мен бекітілімдерді шығарады;

15) Басқарманың Жұмыс регламентін, қызметкерлердің міндеттерін бөлу туралы актіні, жұмыс жоспарын бекітеді;

16) материалдық-техникалық жабдықтардың, оның ішінде компьютерлік техниканың, бланкілік өнімінің дұрыс және үнемді шығындалуына, олардың орынды қолданылуына бақылау жасайды;

17) өз қызметін жүйелі сыбайлас жемқорлық схемалары мен механизмдерін, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жағдай жасайтын себептер мен шарттарды анықтауға бағыттайды;

18) өз қатарындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу жөніндегі шараларды қабылдайды;

19) Басқарманың қызметі жөнінде Комитет Төрағасына ақпарат береді;

20) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

21. Басқарма консультативті-кеңесші органдарды оның ішінде, комиссияларды және жұмыс топтарын құрады.

22. Басқарма бастығы болмаған жағдайда, оның өкілеттіліктерін орындауды Басқарма басшылығы арасында міндеттерді бөлуге сәйкес оны алмастыратын тұлға атқарады.

23. Басқарма бастығына, оның орынбасарларына (орынбасарына), бөлім бастықтарына, аға прокурорларға, прокурорларға және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге белгіленген үлгідегі куәлікті Комитет Төрағасымен беріледі.

**4-тарау. Басқарма мүлкі**

24. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған болуы мүмкін.
25. Басқармаға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.
26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**6-тарау. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалау бойынша Алматы қаласының аудандарындағы Басқарма өкілдерінің қызметін ұйымдастыру**

28. Алматы қаласының аудандарындағы Басқарманың өкілдері құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары қызметінің анағұрлым тиімді нәтижелеріне қол жеткізу, жүктелген міндеттерді толық көлемде орындау, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында бақылау және қадағалау қызметін қала, аудан прокурорларымен тиімді өзара әрекеттестікті іске асыру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен толық және дұрыс құқықтық ақпаратты уақтылы алу мақсатында жедел қызметкерлердің және еңбек шарты бойынша жұмыскерлердің (бұдан әрі - Өкіл) санынан тұратын аудандық және қалалық прокуратураның ғимараттарында орналасады.
29. Өкілдер Басқарма бастығына және оның орынбасарына (орынбасарына), және олардың тапсырмаларына сәйкес Басқарманың бөлім бастықтарына бағынады және олардың алдында есеп береді.
30. Өкілдер өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, " Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Прокуратура туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Комитет туралы Ережеге,

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Комитет Төрағасының, Басқарма бастығының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

31. Өкілдердің жұмысын ұйымдастыруға жетекшілік ететін мәселеге сәйкес Басқарма бастығы және оның орынбасарлары (орынбасары) жауапты болады.

32. Басқарма өкілдерін материалдық-техникалық және басқа да жабдықтармен қамтамасыз етуді Басқарма жүзеге асырады.

33. Өкілдер тиісті аудан (қала) шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Басқарма қызметкерлерінің функционалдық міндеттерінің бөлінуіне сәйкес қызметтерді орындайды.

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті
Төрағасының
2019 жылғы 18 сәуір
№ 63 н/қ бұйрығына
19-қосымша

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасы туралы ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. 19-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті төрағасының 03.08.2022 № 79 о/д бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Шымкент қаласының аумағында құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу бойынша берілген өкілеттіктер шегінде функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, " Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Прокуратура туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Комитет туралы Ережеге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқармаға егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарма және оның өкілдерінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың заңды мекенжайы: Басқарманың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 160050, Шымкент қаласы, Тыныбаев көшесі, 40.

9. Басқарманың толық атауы:

мемлекеттік тілде:

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасы " мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде:

Государственное учреждение "Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по городу Шымкент".

10. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманы және оның өкілдерін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға және оның өкілдеріне кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың бақылау және қадағалау функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады .

Егер Басқармаға заңнамалық актілерде кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

**2-тарау. Басқарманың функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Міндеттері:

1) бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде Нұр-Сұлтан қаласындағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту.

14. Функциялары:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру;

2) құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, жүргізу және өңдеу;

3) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізу;

4) құқықтық статистика мәселелері бойынша статистикалық бақылаулар жүргізу;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің бұзушылықтарын анықтауға және жоюға бағытталған, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу туралы заңнаманы қолдануды, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі ведомстволық комиссияның жұмысын кешенді бақылау және қадағалау шараларын іске асыру;

6) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыру;

7) тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсету;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, аймақтық деңгейде қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламалық құжаттардың жүзеге асырылуын статистикалық сүйемелдеу, қалыптастырылатын автоматтандырылған деректер қорында арнайы есепке алу мәліметтерінің толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету;

9) аймақтағы заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын кешенді талдау мен болжамды жетілдіру, қоғамдағы құқықтық құбылыстардың кешенді мониторинг жүйесін құру;

10) құқықтық статистикалық деректер мен мәліметтерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

11) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы үздіксіз кәсіби білім беру және кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

12) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қолданыстағы халықаралық тәжірибені зерделеу;

13) қалыптастырылатын статистикалық деректердің толықтығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету;

14) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу;

15) Басқарманың өкілдеріне есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау және қадағалау қызметін жүзеге асыруына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету;

16) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Комитеттің Имиджік бағдарламасын, Медиа-жоспарларын жүзеге асыру аясында, атап айтқанда, азаматтар мен шағын және орта бизнес субъектілерінің конституциялық құқықтарын қорғау және қалпына келтірудегі оның рөлін жариялау мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу, жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру, Комитет қызметіне қатысты жарияланған ақпаратты талдау және оның ізіне түсу;

17) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мен оны жүйелеу саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

18) есепке алу және есептік құжаттамалардың автоматтандырылған өңделуін ұйымдастыру және дамытуды қамтамасыз ету, сапаның жақсартылуы және оларды өңдеу мерзімдерінің қысқартылуы бойынша жұмыстарды жүргізу;

19) Комитеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін дамыту, енгізу және сүйемелдеу жұмыстарын іске асыру;

20) бақылау және қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді тіркеу, есепке алу және бақылауды жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

15. Құқықтары:

1) статистикалық деректерді түзу және арнайы есепке алуды жүргізу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері мен басқа мемлекеттік органдардан құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері жөнінде статистикалық және талдау ақпаратын, құқықтық мемлекеттік статистикалық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын өтеусіз алу;

2) құқықтық статистика субъектілерінен бастапқы есепке алу және есептілік актілерінің толықтығы мен сенімділігін, олардың Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынылуын талап ету;

3) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ұсынатын құқықтық статистикалық ақпараттың толықтығына, объективтілігіне, дұрыстығына және жеткіліктігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ есепке алу-тіркеу және есеп тәртіптерінің соның ішінде прокурорлық ден қою актілерін енгізе отырып бұзушылықтарды жою шараларын қабылдау;

4) тағайындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын анықтаған жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізген тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту;

5) мемлекеттік орган жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеген кезде заңдылықты қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде берілген мүлікті басқару және оған иелік ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және басқа нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де құқықтарды іске асыру.

16. Міндеттері:

1) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігін, толықтығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу туралы заңнамасының қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте, көлемде және мерзімде құқықтық статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде, көлемде және мерзімдерде жеке және заңды тұлғаларға, мемлекеттік органдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

6) Комитетке қала бойынша жиынтық мәліметтерді және орталықтандырылған есепті қалыптастыру үшін қылмыстылық, онымен күрес жағдайы, қадағалауды жүзеге асыру, прокурорлардың, сот төрелігін жүргізу жөніндегі соттардың қызметі, сот актілері мен басқа да ақпараттың орындалуы туралы дұрыс және жеткілікті деректерді уақтылы ұсыну;

7) мемлекеттік құпиялары мен заңмен корғалатын құпиялары бар алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

8) ақпараттық жүйелерді рұқсат етілмеген қол жетімділіктен, бұзудан немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы деректерді жоюдан қорғауды қамтамасыз ету, компьютерлік және басқа техниканың ұтымды қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету;

9) өз қызметін ағымдағы және болашаққа арналған міндеттерді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қызметіндегі заңдылық жағдайына, аймақтағы қылмыстылық жағдайына басшылыққа ала отырып жоспарлауды, Комитет жұмысының жоспарына ұсыныстар енгізу;

10) Басқарманың жедел мәжілістерінде туындаған мәселелерді және оның шешу жолдарын белгілей отырып, бөлімдердің және оның аудан (қала) өкілдерінің қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің өкілдерін шақыра отырып қарау;

11) талдау және зерттеу жұмысын жүргізуді, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

**3-тарау. Басқарма қызметін ұйымдастыру**

17. Басқармаға басшылықты бастық жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

18. Басқарма бастығы лауазымына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен Комитет Төрағасы тағайындайды және босатады.

19. Басқарма бастығының орынбасарлары (орынбасары) бар, оларды Басқарма бастығының ұсынысы бойынша Комитет Төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

20. Басқарма бастығы белгіленген тәртіпте:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, жоспарлы іс-шаралардың, алқа шешімдерінің, жедел, аппараттық мәжілістердің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Комитет басшылығы тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүргізеді;

2) Комитетке статистикалық есептерді, есепке алу актілерін және орталықтандырылған арнайы есепке алуды қалыптастыру үшін материалдарды, Басқарма қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді;

3) жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша Шымкент қаласы прокурорына есептік және есепке алу тәртібінің жағдайы туралы ақпаратты жібереді;

4) Басқарма орынбасарларының (орынбасарының), бөлім бастықтары мен қызметкерлерінің және аудан өкілдерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді, олардың жұмысын бақылайды;

5) Комитетке Басқарма қызметкерлеріне сыныптық шен беру, тағайындау, орнын алмастыру, сеніп тапсырылған Басқарманың орынбасарларын ( орынбасарын), бөлім бастықтарын лауазымдарынан босату, оларға ынталандыру шараларын қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

6) орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, сеніп тапсырылған Басқарма қызметкерлерін, оның ішінде бөлім бастықтарын, "қызметке толық сәйкес келмеу" түріндегі тәртіптік жазаға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы;

7) Басқарманың аға прокурорларын, прокурорларын, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін, еңбек шарты бойынша жұмыскерлерін, оларға ынталандыру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану және алу шараларын қолдана отырып, тағайындауды, орындарын алмастыруды және босатуды іске асырады;

8) өз орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, Басқарманың барлық қызметкерлеріне және жұмысшыларына демалыстың барлық түрін береді;

9) Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес белгілі бір жұмыс және қызмет бойынша шарт жасауға құқылы;

10) Комитетке құрылымды жетілдіру, Басқарманың штаттық кестесін өзгерту жөнінде, сондай-ақ Басқарма қызметіне байланысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;

11) Шымкент қаласы прокуратурасының, Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің, Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің алқа отырыстарына, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алуға және есептілікке қатысы бар мәселелерді қараған кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мәжілістеріне қатысады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің әдеп жөніндегі кеңесінің мүшесі құрамына енгізілген болса, онда әдеп жөніндегі кеңесінің отырыстарына қатысады;

12) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды іске асырады;

14) Басқарма қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтарды, өкімдерді, нұсқаулар мен бекітілімдерді шығарады;

15) Басқарманың Жұмыс регламентін, қызметкерлердің міндеттерін бөлу туралы актіні, жұмыс жоспарын бекітеді;

16) материалдық-техникалық жабдықтардың, оның ішінде компьютерлік техниканың, бланкілік өнімінің дұрыс және үнемді шығындалуына, олардың орынды қолданылуына бақылау жасайды;

17) өз қызметін жүйелі сыбайлас жемқорлық схемалары мен механизмдерін, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа жағдай жасайтын себептер мен шарттарды анықтауға бағыттайды;

18) өз қатарындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу жөніндегі шараларды қабылдайды;

19) Басқарманың қызметі жөнінде Комитет Төрағасына ақпарат береді;

20) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

21. Басқарма консультативті-кеңесші органдарды оның ішінде, комиссияларды және жұмыс топтарын құрады.

22. Басқарма бастығы болмаған жағдайда, оның өкілеттіліктерін орындауды Басқарма басшылығы арасында міндеттерді бөлуге сәйкес оны алмастыратын тұлға атқарады.

23. Басқарма бастығына, оның орынбасарларына (орынбасарына), бөлім бастықтарына, аға прокурорларға, прокурорларға және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге белгіленген үлгідегі куәлікті Комитет Төрағасымен беріледі.

**4-тарау. Басқарма мүлкі**

24. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған болуы мүмкін.

25. Басқармаға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**6-тарау. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңдылықты қадағалау бойынша Шымкент қаласының аудандарындағы Басқарма өкілдерінің қызметін ұйымдастыру**

28. Шымкент қаласының аудандарындағы Басқарманың өкілдері құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары қызметінің анағұрлым тиімді

нәтижелеріне қол жеткізу, жүктелген міндеттерді толық көлемде орындау, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында бақылау және қадағалау қызметін қала, аудан прокурорларымен тиімді өзара әрекеттестікті іске асыру, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен толық және дұрыс құқықтық ақпаратты уақтылы алу мақсатында жедел қызметкерлердің және еңбек шарты бойынша жұмыскерлердің (бұдан әрі - Өкіл) санынан тұратын аудандық және қалалық прокуратураның ғимараттарында орналасады.

29. Өкілдер Басқарма бастығына және оның орынбасарына (орынбасарына), және олардың тапсырмаларына сәйкес Басқарманың бөлім бастықтарына бағынады және олардың алдында есеп береді.

30. Өкілдер өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, " Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Прокуратура туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Комитет туралы Ережеге, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Комитет Төрағасының, Басқарма бастығының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

31. Өкілдердің жұмысын ұйымдастыруға жетекшілік ететін мәселеге сәйкес Басқарма бастығы және оның орынбасарлары (орынбасары) жауапты болады.

32. Басқарма өкілдерін материалдық-техникалық және басқа да жабдықтармен қамтамасыз етуді Басқарма жүзеге асырады.

33. Өкілдер тиісті аудан (қала) шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Басқарма қызметкерлерінің функционалдық міндеттерінің бөлінуіне сәйкес қызметтерді орындайды.

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті
Төрағасының
2019 жылғы 18 сәуір
№ 63 н/қ бұйрығына
20-қосымша

## Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Абай облысы бойынша басқармасы туралы ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Бұйрық 20-қосымшамен толықтырылды - ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті төрағасының 03.08.2022 № 79 о/д бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Абай облысы бойынша басқармасы ( бұдан әрі – Басқарма) Абай облысының аумағында құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу бойынша берілген өкілеттіктер шегінде функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, " Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Прокуратура туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Комитет туралы Ережеге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқармаға егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма бастығының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарма және оның өкілдерінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Панфилов көшесі, 69.

9. Басқарманың толық атауы:

мемлекеттік тілде:

"Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Абай облысы бойынша басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде:

Государственное учреждение "Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по Алматинской области".

10. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманы және оның өкілдерін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға және оның өкілдеріне кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың бақылау және қадағалау функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілерде кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылады.

**2-тарау. Басқарманың функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Міндеттері:

1) бірыңғай статистикалық қағидаттар мен стандарттар негізінде Абай облысындағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, заңды және жеке тұлғаларды тиімді және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту.

14. Функциялары:

1) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру;

2) құқықтық статистикалық ақпаратты жинақтау, жүргізу және өңдеу;

3) жедел және ведомстволық есепке алуды қоспағанда, арнайы есепке алуды жүргізу;

4) құқықтық статистика мәселелері бойынша статистикалық бақылаулар жүргізу;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің бұзушылықтарын анықтауға және жоюға бағытталған, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу туралы заңнаманы қолдануды, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарының есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі ведомстволық комиссияның жұмысын кешенді бақылау және қадағалау шараларын іске асыру;

6) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асыру;

7) тиісті мемлекеттік қызметтерді көрсету;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының, аймақтық деңгейде қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарламалық құжаттардың жүзеге асырылуын статистикалық сүйемелдеу, қалыптастырылатын автоматтандырылған деректер қорында арнайы есепке алу мәліметтерінің толықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету;

9) аймақтағы заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын кешенді талдау мен болжамды жетілдіру, қоғамдағы құқықтық құбылыстардың кешенді мониторинг жүйесін құру;

10) құқықтық статистикалық деректер мен мәліметтерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

11) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы үздіксіз кәсіби білім беру және кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;

12) құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қолданыстағы халықаралық тәжірибені зерделеу;

13) қалыптастырылатын статистикалық деректердің толықтығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету;

14) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу;

15) Басқарманың өкілдеріне есепке алу, статистикалық, ақпараттық, талдау және қадағалау қызметін жүзеге асыруына тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету;

16) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Комитеттің Имиджді к бағдарламасын, Медиа-жоспарларын жүзеге асыру аясында, атап айтқанда, азаматтар мен шағын және орта бизнес субъектілерінің конституциялық құқықтарын қорғау және қалпына келтірудегі оның рөлін жариялау мәселесінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу, жұмыс нысандары мен әдістерін жетілдіру, Комитет қызметіне қатысты жарияланған ақпаратты талдау және оның ізіне түсу;

17) құқықтық статистика және арнайы есепке алу мен оны жүйелеу саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

18) есепке алу және есептік құжаттамалардың автоматтандырылған өңделуін ұйымдастыру және дамытуды қамтамасыз ету, сапаның жақсартылуы және оларды өңдеу мерзімдерінің қысқартылуы бойынша жұмыстарды жүргізу;

19) Комитеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін дамыту, енгізу және сүйемелдеу жұмыстарын іске асыру;

20) бақылау және қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді тіркеу, есепке алу және бақылауды жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.

15. Құқықтары:

1) статистикалық деректерді түзу және арнайы есепке алуды жүргізу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері мен басқа мемлекеттік органдардан құқықтық статистика және арнайы есепке алу мәселелері жөнінде статистикалық және талдау ақпаратын, құқықтық мемлекеттік статистикалық есептілікті, бастапқы есепке алу құжаттары мен нысандарын өтеусіз алу;

2) құқықтық статистика субъектілерінен бастапқы есепке алу және есептілік актілерінің толықтығы мен сенімділігін, олардың Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынылуын талап ету;

3) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері ұсынатын құқықтық статистикалық ақпараттың толықтығына, объективтілігіне, дұрыстығына және жеткіліктігіне бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға, сондай-ақ есепке алу-тіркеу және есеп тәртіптерінің соның ішінде прокурорлық ден қою актілерін енгізе отырып бұзушылықтарды жою шараларын қабылдау;

4) тағайындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын анықтаған жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізген тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту;

5) мемлекеттік орган жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеген кезде заңдылықты қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде берілген мүлікті басқару және оған иелік ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және басқа нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де құқықтарды іске асыру.

16. Міндеттері:

1) құқықтық статистикалық ақпараттың тұтастығын, объективтілігін, толықтығын, дұрыстығын және жеткіліктігін қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу кезінде адам мен азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу туралы заңнамасының қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Комитет Төрағасының

нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте, көлемде және мерзімде құқықтық статистикалық және талдау ақпаратымен қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде, көлемде және мерзімдерде жеке және заңды тұлғаларға, мемлекеттік органдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

6) Комитетке облыс бойынша жиынтық мәліметтерді және орталықтандырылған есепті қалыптастыру үшін қылмыстылық, онымен күрес жағдайы, қадағалауды жүзеге асыру, прокурорлардың, сот төрелігін жүргізу жөніндегі соттардың қызметі, сот актілері мен басқа да ақпараттың орындалуы туралы дұрыс және жеткілікті деректерді уақтылы ұсыну;

7) мемлекеттік құпиялары мен заңмен қорғалатын құпиялары бар алынған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету;

8) ақпараттық жүйелерді рұқсат етілмеген қол жетімділіктен, бұзудан немесе құқықтық статистика және арнайы есепке алу объектілері туралы деректерді жоюдан қорғауды қамтамасыз ету, компьютерлік және басқа техниканың ұтымды қолданылуын бақылауды қамтамасыз ету;

9) өз қызметін ағымдағы және болашаққа арналған міндеттерді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қызметіндегі заңдылық жағдайына, аймақтағы қылмыстылық жағдайына басшылыққа ала отырып жоспарлауды, Комитет жұмысының жоспарына ұсыныстар енгізу;

10) Басқарманың жедел мәжілістерінде туындаған мәселелерді және оның шешу жолдарын белгілей отырып, бөлімдердің және оның аудан (қала) өкілдерінің қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ қажет болған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің өкілдерін шақыра отырып қарау;

11) талдау және зерттеу жұмысын жүргізуді, мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алуды дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау.

**3-тарау. Басқарма қызметін ұйымдастыру**

17. Басқармаға басшылықты бастық жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

18. Басқарма бастығы лауазымына Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімімен Комитет Төрағасы тағайындайды және босатады.

19. Басқарма бастығының орынбасарлары (орынбасары) бар, оларды Басқарма бастығының ұсынысы бойынша Комитет Төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

20. Басқарма бастығы белгіленген тәртіпте:

1) Басқарма жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, жоспарлы іс-шаралардың, алқа шешімдерінің, жедел, аппараттық мәжілістердің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Комитет басшылығы тапсырмаларының уақтылы және сапалы орындалуына бақылау жүргізеді;

2) Комитетке статистикалық есептерді, есепке алу актілерін және орталықтандырылған арнайы есепке алуды қалыптастыру үшін материалдарды, Басқарма қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсынуды қамтамасыз етеді;

3) жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша Абай облысы прокурорына есептік және есепке алу тәртібінің жағдайы туралы ақпаратты жібереді;

4) Басқарма орынбасарларының (орынбасарының), бөлім бастықтары мен қызметкерлерінің және аудан өкілдерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді, олардың жұмысын бақылайды;

5) Комитетке Басқарма қызметкерлеріне сыныптық шен беру, тағайындау, орнын алмастыру, сеніп тапсырылған Басқарманың орынбасарларын ( орынбасарын), бөлім бастықтарын лауазымдарынан босату, оларға ынталандыру шараларын қолдану туралы ұсыныс енгізеді;

6) орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, сеніп тапсырылған Басқарма қызметкерлерін, оның ішінде бөлім бастықтарын, "қызметке толық сәйкес келмеу" түріндегі тәртіптік жазаға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы;

7) Басқарманың аға прокурорларын, прокурорларын, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін, еңбек шарты бойынша жұмыскерлерін, оларға ынталандыру, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану және алу шараларын қолдана отырып, тағайындауды, орындарын алмастыруды және босатуды іске асырады;

8) өз орынбасарларын (орынбасарын) қоспағанда, Басқарманың барлық қызметкерлеріне және жұмысшыларына демалыстың барлық түрін береді;

9) Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес белгілі бір жұмыс және қызмет бойынша шарт жасауға құқылы;

10) Комитетке құрылымды жетілдіру, Басқарманың штаттық кестесін өзгерту жөнінде, сондай-ақ Басқарма қызметіне байланысты басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді;

11) Абай облысы прокуратурасының, Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің, Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің алқа

отырыстарына, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында есепке алуға және есептілікке қатысы бар мәселелерді қараған кезде құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің мәжілістеріне қатысады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің әдеп жөніндегі кеңесінің мүшесі құрамына енгізілген болса, онда әдеп жөніндегі кеңесінің отырыстарына қатысады;

12) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;

13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды іске асырады;

14) Басқарма қызметінің мәселелері бойынша бұйрықтарды, өкімдерді, нұсқаулар мен бекітілімдерді шығарады;

15) Басқарманың Жұмыс регламентін, қызметкерлердің міндеттерін бөлу туралы актіні, жұмыс жоспарын бекітеді;

